

Кәсіптік стандарт: «Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы:

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Бонитирлеу – тиісті сыныпты немесе индексті бере отырып, малдың асыл тұқымдық құндылығының деңгейін белгілер шаруашылық тұрғысында пайдаланылатын белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) анықтау.

2) Ветеринария – жануарлардың аурулары мен тамақтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың профилактикасына, диагностикасына, оларды емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнайы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы.

3) Асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі – асыл тұқымды малдың сандық, сапалық және тұқымдық құрамы туралы деректер жиынтығы.

4) Асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне жауап беретін таза тұқымды мал.

5) Асыл тұқымды кітап – белгілі бір тұқымның шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапасы бойынша неғұрлым құнды асыл тұқымды мал туралы деректер жиынтығы.

6) Асыл тұқымды өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, дернәсілдер мен құтшабақтар, асыл тұқымды аналықтар, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері.

7) Асыл тұқымдық куәлік – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата беретін асыл тұқымды өнімнің (материалдың) тектік, өнімділік және өзге де қасиеттерін растайтын құжат.

8) Асылдандыру орталығы – асыл тұқымды тұқымдық малдың тұқымын, эмбриондарын алумен, жинақтаумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын ондай малды күтіп-бағу жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға.

9) Асыл тұқымдық құндылығы – ұрпағының шаруашылық пайдалы белгілеріне әсер ететін асыл тұқымды малдың генетикалық әлеуетінің деңгейі.

10) Шежіре – асыл тұқымды малдың шығу тегі туралы мәліметтер.

11) Қолдан ұрықтандыру – жеке-жеке іріктеліп алынған малды маманның бақылауымен шағылыстыру.

12) Селекциялық және асылдандыру жұмысы – малды өсіру кезінде өнімділігі бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін дәйекті іс-әрекеттер жиынтығы.

13) Таза тұқымды өсіру – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста тектес тұқымды малды пайдалана отырып, осы тұқымға тән белгілерді топтастыру және типтеу мақсатында бір тұқымдағы асыл тұқымды малды өсіру.

14) Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) –

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асылдандыру ісі)

5. Кәсіптік стандарттың коды: A01410013

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.41 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

01.41.0 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.42 Басқа да ірі қара малды және өнекелерді көбейту

01.42.0 Басқа да ірі қара малды және өнекелерді көбейту

A Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.43 Жылқыларды және басқа да жылқы тұқымдастарды көбейту

01.43.1 Жылқыларды өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.44 Түйелерді және өзге де түйе тектес жануарларды көбейту

01.44.0 Түйелерді және өзге де түйе тектес жануарларды көбейту

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.45 Қойларды және ешкілерді өсіру

01.45.0 Қойларды және ешкілерді өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.46 Шошқаларды өсіру

01.46.0 Шошқаларды өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.47 Ауыл шаруашылығы құстарын көбейту

01.47.1 Ет алу үшін құсты, асыл тұқымды құстарды және балапандар өсіру

А Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну

01.4 Мал шаруашылығы

01.49 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

01.49.0 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринарлық қызмет

75.0 Ветеринарлық қызмет

75.00 Ветеринарлық қызмет

75.00.0 Ветеринарлық қызмет

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының асыл тұқымды мал басын өсірумен айналысатын асыл тұқымды шаруашылық қызметін ұйымдастыру, атап айтқанда, толықтыру төлдері мен құстарын өсіру, өсімін молайту, өсіру.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Мал шаруашылығындағы білікті жұмысшы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 2) Малдар мен құстарды жасанды ұрықтандыру жөніндегі операторы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 3) Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 4) Асылдандыру ісі жөніндегі техник - 5 СБШ-нің деңгейі
- 5) Ветеринариялық фельдшер-зертханашы - 5 СБШ-нің деңгейі
- 6) Инженер-зерттеуші - 6 СБШ-нің деңгейі
- 7) Қолдан ұрықтандыру пунктiнiң меңгерушiсi - 7 СБШ-нiң деңгейi

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Мал шаруашылығындағы білікті жұмысшы»:

Топтың коды:	6121-3
Қызмет атауының коды:	6121-3-004
Кәсіптің атауы:	Мал шаруашылығындағы білікті жұмысшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Мал өсіруші			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік: -	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:				
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:				
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Жануарларды күту жөніндегі жұмысшы			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мал басын көбейтумен, жасанды ұрықтандырумен және төлдеу кезінде жануарларға көмек көрсетумен байланысты жұмыстарды жүргізу.			
Еңбек функциялардың сипаттамасы				
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау бойынша жұмыстарды орындау 2. Ауыл шаруашылығы жануарларының өсімін молайту жөніндегі жұмыстарды орындау		
	Қосымша еңбек функциялары:			
Еңбек функциясы 1: Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау бойынша жұмыстарды орындау	Дағды 1: Жануарлардың денсаулығын сақтау және қорғау үшін олардың физиологиялық жай-күйін бақылау	Машықтар:	1. Жануарлардың сыртқы түрі мен жүріс-тұрысы бойынша денсаулық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмысты жүзеге асыру. 2. Жануарлардың сыртқы белгілері мен жүріс-тұрысы бойынша өсімін молайту процесіне қатысуға дайындығын бағалау және айқындау жөніндегі жұмысты жүзеге асыру.	
		Білімдер:	1. Әр түрлі жануарлардың физиологиялық жай-күйінің нормадан ауытқуының сыртқы белгілері және жануарлар ауруларының сыртқы белгілері. 2. Ауырған және жарақаттанған жануарларға алғашқы көмек көрсетудің негізгі тәсілдері.	
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
		Дағды 2: Жануарларды ұстау және күнделікті күту бойынша жұмыстарды орындау	Машықтар:	1. Мал шаруашылығы үй-жайларындағы температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын және жарықтығын анықтау кезінде арнайы аспаптарды пайдалану. 2. Фермадағы күн тәртібіне (режиміне) сәйкес жануарларды азықтандыру және суару уақытын анықтау.
	Білімдер:	1. Әр түрлі жануарларды ұстау технологиясы. 2. Жануарлардың түріне, жыныстық-жастық құрамына, тағайындалуына және ұстау технологиясына байланысты азықтандыру режимдері.		
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-			
Еңбек функциясы 2: Ауыл шаруашылығы жануарларының өсімін молайту жөніндегі жұмыстарды орындау				

	Дағды 1: Жануарларды сәйкестендіру және есепке алу мақсатында таңбалауды жүргізу	Машықтар:		
		1. Таңбалау алдында жануарларды бекіту кезінде арнайы айлабұйымдарды пайдалану. 2. Құлақ биркаларын орнату, электрондық таңбалау құралдарын енгізу үшін арнайы құралдарды пайдалану.		
		Білімдер:		
		1. Жануарларды сәйкестендіру және есепке алу саласындағы ветеринариялық қағидаларға сәйкес жануарларды таңбалауды жүзеге асыру тәртібі. 2. Жануарлардың жеке нөмірлерінің бастапқы зоотехникалық есебін жүргізу қағидалары.		
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		
	Дағды 2: Малдарды төлдету	Машықтар:		
		1. Жануарлардың қалыпты ағымы жағдайында төлдеу процесін бақылау. 2. Төлдеуге жәрдемдесу кезінде арнайы айлабұйымдарды пайдалану.		
		Білімдер:		
		1. Жануарлардың өртүрлі түрлеріндегі қалыпты ағатын және патологиялық төлдеу белгілері. 2. Әр түрлі малдарда патологиялық жөлдеу жағдайында төлдету (ұрықты алуды жеңілдету) бойынша тәсілдерді орындау әдістемесі.		
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Коммуникабельділік Жұмыс нәтижесі үшін жауапкершілік Дербестік			
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:				
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:		
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы		
	5	Асылдандыру ісі жөніндегі техник		
10. Кәсіптің карточкасы «Малдар мен құстарды жасанды ұрықтандыру жөніндегі операторы »:				
Топтың коды:	6121-3			
Қызмет атауының коды:	6121-3-007			
Кәсіптің атауы:	Малдар мен құстарды жасанды ұрықтандыру жөніндегі операторы			
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4			
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:				
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру операторы			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:				
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:				
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник			

Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру кезінде дайындық жұмыстарын орындау.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қолдан ұрықтандыру пунктінде қауіпсіз ветеринарлық-санитарлық жағдайларды ұстау бойынша жұмыстарды орындау 2. Малдарды қолдан ұрықтандыруды жүргізуге шығыс материалдарын, жабдықтар мен құралдарды дайындау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қолдан ұрықтандыру пунктінде қауіпсіз ветеринарлық-санитарлық жағдайларды ұстау бойынша жұмыстарды орындау	Дағды 1: Дезинфекциялау құралдары мен әдістерін таңдау арқылы қолдан ұрықтандыру пунктін дезинфекциялау жоспарын жасау	Машықтар:
		1. Жасанды ұрықтандыру пунктінің (станциясының) үй-жайлары мен жабдықтарын дезинфекциялау, дезинфекциялық кілемшелерді толтыру үшін дезинфекциялау құралдарын және шаруашылық мүкәммалын таңдау. 2. Дезинфекциялау және дезинфекциялаушы кілемшелерді толтыру үшін қажетті дезинфекциялау ерітінділерінің көлемін есептеу. 3. Химиялық ыдыстар мен зертханалық жабдықтарды пайдалана отырып, берілген концентрациядағы дезинфекциялық ерітінділерді дайындау.
		Білімдер:
		1. Үй-жайларды, жабдықтарды, шаруашылық мүкәммалды дезинфекциялау және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дезинфекциялық кілемшелерді толтыру үшін пайдаланылатын ерітінділер. 2. Нормативтік құжаттарға сәйкес аудан бірлігіне шаққанда дезинфекциялық ерітінділердің шығыс нормалары. 3. Нормативтік құжаттарға сәйкес қолдан ұрықтандыру пунктінің (станциясының) үй-жайлары мен жабдықтарын дезинфекциялауға қойылатын талаптар.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
	Дағды 2: Шаруашылық мүкәммалды жинау және дезинфекциялау процесінде пайдаланғаннан кейін тазарту және дезинфекциялау жүргізу	Машықтар:
		1. Беттерді дезинфекциялауға дайындау үшін үй-жайлар мен жабдықтарды құрғақ және ылғалды механикалық тазартуды жүргізу. 2. Еденнің, қабырғаның, төбенің және жабдықтардың бетін арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарын қолдана отырып, дезинфекциялау құралдарымен өңдеу. 3. Арнайы киімдерді дезинфекциялауды қамтамасыз ету үшін санитарлық өңдеу жүргізу.

		Білімдер: 1. Ауыл шаруашылығы жануарларының өсімін молайту саласында қолданылатын ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес қолдан ұрықтандыру пунктiнiң (станциясының) шаруашылық мүкөммалын дезинфекциялауға және сақтауға қойылатын талаптар. 2. Ауыл шаруашылығы жануарларын өсімін молайту саласында қолданылатын ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес қолдан ұрықтандырудың технологиялық процесінде пайдаланылатын арнайы киімді өңдеу және сақтау әдістері, қағидалары. 3. Ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес қолдан ұрықтандыру пунктінде (станциясында) қауіпсіз ветеринариялық-санитариялық жағдай жасау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде жеке қорғану құралдары мен арнайы киімдерге қойылатын талаптар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Малдарды қолдан ұрықтандыруды жүргізуге шығыс материалдарын, жабдықтар мен құралдарды дайындау	Дағды 1: Жұмыс орнын ұйымдастыру талаптарына және қауіпсіздік талаптарына сәйкес жұмыс орнын дайындау	Машықтар: 1. Еденнің, қабырғаның, төбенің және жабдықтардың бетін арнайы киім мен жеке қорғаныс құралдарын қолдана отырып, дезинфекциялау құралдарымен өңдеуді жүзеге асыру. 2. Еңбекті қорғау талаптарын сақтай отырып, стерилизаторды пайдалана отырып, шыны және металл құралдарды қайнатумен стерильдеу.
		Білімдер: 1. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне дезинфекция жүргізуді регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес аудан бірлігіне дезинфекциялық ерітінділердің шығыс нормалары. 2. Берілген концентрациядағы ерітінділерді дайындау техникасы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Жұмыс жоспарына сәйкес олардың түрлеріне байланысты қолдан ұрықтандыру кезінде пайдаланылатын құралдар мен материалдарды таңдау және дайындау	Машықтар: 1. Механикалық тәсілмен ластануды жою үшін стерилдеу процесінің алдында құралдарды тазартуды және жууды жүзеге асыру. 2. Арнайы жабдықты: стерилизаторларды, кептіру шкафтарын, автоклавтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес пайдалану.
		Білімдер: 1. Ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес аспаптар мен материалдарды әртүрлі әдістермен стерильдеу техникасы. 2. Ауыл шаруашылығы жануарларын өсімін молайту саласында қолданылатын ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес шәуеттің сапасын бағалау әдістемесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік Жауапкершілік Еңбектің оңнәтижесіне бағдарланушылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
	5	Асылдандыру ісі жөніндегі техник	
11. Кәсіптің карточкасы «Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы»:			
Топтың коды:	6121-3		
Қызмет атауының коды:	6121-3-010		
Кәсіптің атауы:	Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Жануарлар мен құстарды қолдан ұрықтандыру операторы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізуді ұйымдастыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Аң аулауда жануарларды анықтау және жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізу 2. Жануарларды және құсты қолдан ұрықтандыру бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Аң аулауда жануарларды анықтау және жануарларды қолдан ұрықтандыруды жүргізу	Дағды 1: Өсімін молайту процесіне қатысуға дайындығын анықтау үшін жануарлардың жай-күйін бағалау	Машықтар:	
		1. Жануарлар мен қолда бар ресурстарға байланысты аналықтардағы жыныстық аң аулауды анықтау тәсілін таңдау. 2. Зерттеудің визуалды, қынаптық, ректалдық, зертханалық және аспаптық әдістерін пайдалана отырып, аналықтардағы жыныстық күйіт белгілерін анықтау.	
		Білімдер: 1. Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес аналықтардағы жыныстық күйітін анықтау тәсілдері. 2. Аналықтардағы жыныстық күйітті көзбен шолып, вагиналды, ректалды, зертханалық және аспаптық әдіспен анықтау техникасы.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

	<p>Дағды 2: Қолдан ұрықтандыруға арналған тұқымдық аталықтардан қауіпсіздікті сақтай отырып шәуетті алу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ветеринарлық-санитарлық ережелерге сәйкес тұқымдық аталықтардан препуция жуу процедурасын орындау. 2. Арнайы жабдықтар мен құралдарды пайдалана отырып, тұқымдық аталықтардан шәует алу процедурасын орындау. 3. Жаңа алынған шәуеттің сапасын макро- және микроскопиялық әдістермен бағалау процедурасын орындау.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес тұқымдық аталықтардан дезинфекциялық ерітінділермен препуция жуу техникасы. 2. Әр түрлі жануарлардың (құстардың) тұқымдық аталықтарынан шәует алу әдістері. 3. Шәует сапасын макрокопиялық және микроскопиялық бағалау әдістемелері.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	-
	<p>Дағды 3: Қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды регламенттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес малдың аналықтарын қолдан ұрықтандыруды жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұқымдық аталықтардан шәуетті алу бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу. 2. Сапасын сақтауды қамтамасыз ететін әдістермен қысқа мерзімді сақтау үшін шәуетті салқындату. 3. Ұрықты қолдан ұрықтандырудың биотехнологиялық әдістерін қолдануды реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес арнайы құралдарды пайдалана отырып шәуетті жыныс мүшелеріне енгізу.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шәуетті есепке алу және бағалау журналдарын жүргізу қағидалары. 2. Жаңа алынған шәуеттің одан әрі пайдалану үшін жарамдылығының критерийлері 3. Жануарлардың (құстың) аналықтарын қолдан ұрықтандыру әдістері.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	-
<p>Еңбек функциясы 2: Жануарларды және құсты қолдан ұрықтандыру бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу</p>	<p>Дағды 1: Қолдан ұрықтандыру пунктін (станциясын) ветеринариялық-санитариялық өңдеу бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын толтыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дезинфекцияны есепке алу журналын ресімдеу. 2. Қолдан ұрықтандыру пунктін (станциясын) жабдықпен және шығыс материалдарымен жинақтауға өтінім ресімдеу.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дезинфекцияны есепке алу журналын ветеринариялық есептілік талаптарына сәйкес толтыру қағидалары. 2. Материалдар мен жабдықтарды сатып алуға өтінімді жасау нысаны.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	-
	<p>Дағды 2: Қолдан ұрықтандыруға арналған материалдарды, жабдықтар мен құралдарды дайындау бойынша есепке алу-есеп беру құжаттамасын ресімдеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ерітінділерді дайындау және жұмсау, шәует сапасын бағалау журналдарын ресімдеу және толтыру. 2. Шығыс материалдарын, сондай-ақ пайдалану мерзімі өткен жабдықтарды есептен шығару актілерін ресімдеу. 3. Шығыс материалдары мен жабдықтарын есептен шығаруға құжаттарды ресімдеу.

		Білімдер:	
		1. Ерітінділерді дайындау және жұмсау журналдарын ресімдеу, шәует сапасын бағалау қағидалары. 2. Құжаттардың нысандары және материалдардың, жабдықтардың келіп түсуін, жұмсалуды есепке алу қағидалары. 3. Құжаттардың нысандары және шығыс материалдары мен жабдықтарын есептен шығару тәртібі.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік Қойылған міндеттерді шешу және нәтиже үшін жауапкершілік Тәртіптілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
	5	Асылдандыру ісі жөніндегі техник	
12. Кәсіптің карточкасы «Асылдандыру ісі жөніндегі техник»:			
Топтың коды:	3142-0		
Қызмет атауының коды:	3142-0-014		
Кәсіптің атауы:	Асылдандыру ісі жөніндегі техник		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары, ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйр. бек. Асылдандыру ісі жөніндегі техник		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Техник-мал өсіруші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Асыл тұқымды мал шаруашылығында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарда ауыл шаруашылығы жануарларымен және құстарымен селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың тұқымдарын, типтерін, желілерін шығару, жетілдіру және сақтау 2. Асыл тұқымды малдарға кешенді бағалау (бонтировка) жүргізу 3. Мал шаруашылығында асыл тұқымды бастапқы есепке алу құжаттарын жүргізу.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың тұқымдарын, типтерін, желілерін шығару, жетілдіру және сақтау			

<p>Дағды 1: Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарын жасау, жетілдіру және пайдалану үшін асыл тұқымды малдың өнімділік және өсімін молайту көрсеткіштерін айқындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолданыстағы нұсқаулыққа сәйкес асыл тұқымды малдарды және олардың нөмірлері мен лақап аты бойынша материалдарды сәйкестендіру. 2. Асыл тұқымды малдың өнімділігі мен өсімін молайту көрсеткіштерін анықтау үшін жабдықты пайдалану. 3. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау қағидаларын сақтаумен және нұсқаулықтарға сәйкес жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін өлшеуді жүзеге асыру. 4. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау қағидаларын сақтау. 5. Тұқымдарды, типтерді, желілерді шығару, жетілдіру және пайдалану тиімділігін арттыру үшін жануарларды таза тұқымды өсіруді, будандастыруды және гбридтеуді түзету. 6. Жануарларды аспаптық өлшеу техникасын меңгеру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлардың тұқымдарын, типтерін, желілерін шығару, жетілдіру және сақтау үшін таза тұқымды өсіруді, будандастыру және гбридтеу әдістерін пайдалану әдістері. 2. Малдарды белгілер кешені бойынша іріктеу және бағалау әдістері: шығу тегі бойынша (шежіре), конституция және экстерьері бойынша, өнімділігі бойынша, технологиялық белгілері бойынша, ұрпақтарының сапасы бойынша, тұқымдық және аналық препараттылығы бойынша. 3. Белгілер кешені бойынша табынды өз төлінен өсіру үшін асыл тұқымды малды іріктеуді жоспарлау әдістері: шығу тегі бойынша (шежіре), конституция және экстерьері бойынша, өнімділігі бойынша, технологиялық белгілері бойынша, ұрпақтарының сапасы бойынша, тұқымдық және аналық препараттылығы бойынша. 4. Мал өнімділігі мен өсімін молайтудың жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізуді есепке ала отырып, табынның саны мен құрылымын өзгерту бойынша есептеулерді орындау әдістері. 5. Мал өнімділігі мен өсімін молайтудың жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, табынның саны мен құрылымының өзгеруін бақылау қағидалары. 6. Мал шаруашылығы саласындағы отандық және шетелдік кәсіпорындардың ғылым жетістіктері мен озық жұмыс тәжірибесі. 7. Жануарларды өсіру әдістері. 8. Ауыл шаруашылығы жануарларының биологиясы, генетика, зоогигиена. 9. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің заманауи технологиялары; асылдандыру ісі. 10. Жануарларды өсіру әдістері: таза тұқымды (туыстық, желілер мен тұқымдастар бойынша), будандастыру (ұдайы өндіру, жұту, өнеркәсіптік, кіріспе), тұраралық гбридтеу.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

	<p>Дағды 2: Бастапқы зоотехникалық және асылдандыру есебін жүргізу бойынша қызметкерлердің жұмыстарды орындауы</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы зоотехникалық және асылдандыру есебін жүргізу бойынша қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру. 2. Жануарлар мен материалдарды таңбалау және сәйкестендіру жұмыстарын ұйымдастыру. 3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінде генетикалық сараптама нәтижелерін тіркеу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Селекциялық-асылдандыру жұмысында асыл тұқымды малдар мен материалдарды таңбалау және сәйкестендіру мәні. 2. Асыл тұқымды малдарды таңбалау қағидалары және техникасы. 3. Әртүрлі малдардың өнімділік, өсімін молайту және асыл тұқымдық қасиеттерін есепке алу әдістері. 4. Зоотехникалық және асыл тұқымды есепке алу құжаттамасын жүргізу тәртібі. 5. Зоотехникалық және асыл тұқымды есеп жүргізудің қолданыстағы нысандары. 6. Жануарларды бонитирлеу бойынша нұсқаулықтар. 7. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің заманауи технологиялары; асылдандыру ісі. 8. Асыл тұқымды малдардың өмір сүру оқиғаларын тіркеу тәртібі. 9. Жануарлардың селекциялық белгілері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 2: Асыл тұқымды малдарға кешенді бағалау (бонтировка) жүргізу</p>	<p>Дағды 1: Әртүрлі тұқымды малдардың, типтердің, желілердің асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін экстерьері мен конституциясын бағалау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жыл сайынғы асыл тұқымды малды боинитирлеу процесінде экстерьері мен конституциясы бойынша әртүрлі түрдегі, тұқымды, типтегі, желілердегі жануарларды бағалау. 2. Малдардың әртүрлі түрлерін, тұқымдарын, типтерін, желілерін өнімді және өсімін молайту көрсеткіштері бойынша бағалау. 3. Малдың әр түрлі түрлерін, тұқымдарын, түрлерін, шығу тегі мен ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау. 4. Малдың өнімділігі мен өсімін молайту көрсеткіштерін өңдеу және асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі базаларға мәліметтерді тіркеу бойынша стандартты және/немесе мамандандырылған ақпараттық бағдарламаларды пайдалану. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кешенді белгілер бойынша әр түрлі жануарларды бағалау, іріктеу және таңдау әдістері. 2. Әр түрлі асыл тұқымды малды кешенді бағалауды (бонтирлеу жүргізу) айқындау ережесі мен шарттары. 3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша стандартты және/немесе арнайы ақпараттық-коммуникациялық бағдарламалар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 2: Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспары бойынша ұйымда мал мен құстың асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін арнайы орта персоналдың құжаттаманы, құрал-саймандарды және жабдықтарды дайындауды ұйымдастыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша мамандандырылған ақпараттық деректер базасымен жұмыс істеу. 2. Жануарларды шығу тегі мен ұрпағының сапасы бойынша бағалау.

